Sauran
# САУРАН
Газет 2021 жылдың мамыр айынан бастап шығады
№18 (233)
26 мамыр, 2026 жыл
sauran_gazet@mail.ru
sauran_gazety
Сауран Газет
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ БАСЫЛЫМ

## СӘТ САПАР, ЖАС ТҮЛЕК!



№5 жалпы білім беретін мектебінде 2025–2026 оқу жылының аяқталуына арналған «Білімім – Отаныма!» атты салтанатты жиыны ерекше сән-салтанатымен, тағылымы мол мазмұнымен жоғары деңгейде өткізілді. Бұл айтулы күн – мектеп қабырғасында білім алып, үлкен өмірге қанат қаққалы тұрған жас түлектер үшін де, оларға сапалы білім мен саналы тәрбие берген ұстаздар қауымы үшін де аса маңызды әрі толғанысқа толы сәт болды.

Тағылымы мол мерекелік іс-шараға Сауран ауданының әкімі Таңғатаров Мақсат Асылбекұлы, аудандық білім бөлімінің өкілдері, ардагер ұстаздар, ата-аналар мен ауыл тұрғындары арнайы қатысып, мектеп бітіруші түлектерге ақ тілектерін арнады.

Салтанатты жиында аудан әкімі жас ұрпақтың сапалы білім алып, ел болашағына адал қызмет ететін азамат болып қалыптасуы – мемлекет үшін ең маңызды құндылықтардың бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар, білім мен тәрбиені қатар ұштастырып, шәкірт жүрегіне жол таба білген ұстаздардың еңбегі әрдайым құрметке лайық екенін ерекше жеткізді.

Салтанатты жиын барысында білім беру саласының дамуына үлес қосып, жас ұрпаққа сапалы білім мен өнегелі тәрбие беруде табанды еңбек етіп жүрген бірқатар ұстаздар марапат төрінен көрінді. Атап айтқанда, үздік ұстаздарға Түркістан облысы әкімдігі және Сауран ауданы әкімдігі атынан Алғыс хаттар табысталып, олардың білім саласындағы еңбектері жоғары бағаланды. Бұл марапаттар – ұстаздардың кәсіби шеберлігі мен адал еңбегіне көрсетілген зор құрметтің айқын көрінісі болды. Ұрпақ тәрбиесі жолында аянбай еңбек етіп жүрген барлық ұстаздар қауымын лайықты марапаттарымен шын жүректен құттықтаймыз!

Мектеп қабырғасынан үлкен өмірге қадам басқалы тұрған жас түлектерге ақ жол, биік белестер мен жарқын болашақ тілейміз! Арман-дары асқақ болып, таңдаған мамандықтарының иесі атанып, елінің мақтанышына айналатын білімді де тәрбиелі азамат болуларына тілектеспіз. Сәт сапар, жас түлектер!

Айта кетейік, 2025-2026 оқу жылында аудан бойынша 1745 түлек үлкен өмірге қанат қаққалы отыр. Оның ішінде 148 оқушы «Алтын белгі» төсбелгісіне, 132 түлек үздік аттестатқа үміткер. Сонымен қатар, мектеп бітірушілердің 75% ҰБТ тапсырады деп күтілуде.

Түрлі олимпиадалар мен байқауларға қатысып, 23 оқушы республикалық кезең жүлдегерлері болды.

## ҚУАТЫ 300 МВТ КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

**Түркістан облысында 300 МВт қуатты фотоэлектрлік-энергия сақтау (ФЭС және ЭСЖ) жобасының алғашқы партиясының қадалы іргетасын қую салтанатты рәсімі өтті. Бұл оқиға жобаның негізгі құрылыс кезеңіне толықтай көшкенін айқындады. Іс-шараға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, «China Energy Overseas Investment Co., Ltd.» компаниясы бас директорының орынбасары Хэ Сюнфэй және инвесторлар, энергетика саласының өкілдері мен жауапты мекеме басшылары қатысты.**



Облыс әкімі өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде «жасыл» экономиканы дамытуға және жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыруға ерекше мән беріп отырғанын атап өтті.

– Өткен жылдың желтоқсан айында осы жобаның іргетасын қалап, капсула салу рәсімін бірге өткізген болатынбыз. Бүгін құрылыс жұмыстарын ресми түрде бастап отырмыз. Түркістан облысының табиғи-климаттық жағдайы баламалы энергия көздерін дамытуға өте қолайлы. Қуаттылығы 300 МВт болатын бұл күн электр станциясы өңірдің энергетикалық инфрақұрылымын нығайтып қана қоймай, халықаралық инвесторлар үшін облыстың инвестициялық тартымдылығын арттыра түседі деп сенемін, – деді Нұралхан Көшеров.

Облыс басшысы жобаның жүзеге асуына облыс әкімдігімен қатар, Үкімет пен тиісті министрліктер тарапынан да жан-жақты қолдау көрсетіліп жатқанын жеткізді. Сонымен бірге бұл бастама Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестіктің нақты нәтижесі екенін атап өтті.

Кездесу барысында «China Energy Overseas Investment Co., Ltd.» компаниясы бас директорының орынбасары Хэ Сюнфэй іргетасты құю – Қытай мен Қазақстан арасындағы «жасыл» энергетика саласындағы ынтымақтастықтың маңызды кезеңі екенін атап өтті. Болашақта компания «Самұрық-Энерго» АҚ сияқты серіктестермен бірлесе отырып, құрылысты жоғары стандарттарға сәйкес жүргізуге күш салатынын мәлімдеді.

«Qazaq Green Power PLC» жобалық кеңсесінің жетекшісі Асқар Амиртаев және өзге де жауапты тұлғалар жұмыс барысын баяндап, жобаға қолдау көрсеткен облыс әкіміне ризашылықтарын білдірді.

Айта кетейік, аталған маңызды жобаның уақыт капсуласы өткен жылдың желтоқсан айында салынған болатын. Содан бері жер жұмыстары толық атқарылып, күн электр станциясының кеңсе, жатын орын, қойма ғимараттары салынды. Ал бүгін негізгі қондырғыларды орнату жұмысы басталды.

Түркістан облысындағы 300 МВт қуатты фотоэлектрлік-энергия сақтау жобасының жалпы инвестиция көлемі шамамен 307 миллион АҚШ долларын құрайды. Бұл – ШЫҰ саммитінен кейін қол қойылған Қытай мен Қазақстан үкіметаралық негіздемелік келісімі аясында іске қосылатын алғашқы жоба. Құрылыс кезеңінде 500-дей жұмыс орны ашылып, өңірдің экономикасы мен өнеркәсібінің дамуына нақты серпін береді. Іске қосылғаннан кейін станция жыл сайын шамамен 674 миллион киловатт-сағат таза электр энергиясын өндіреді деп күтіліп отыр. Осы арқылы өңірдің энергетикалық балансының құрылымын жақсартуға айтарлықтай үлес қосып, Қазақстанның «жасыл» энергетикадағы үлесін арттырмақ. Күн электр станциясы 2027 жылы пайдалануға беріледі.

**«Сауран-ақпарат».**

## ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



**Аудан бойынша Құрбан Айт намазы барлық мешіттерде 27 мамыр күні таңғы 06:00-де оқылады.**

**Құрметті Сауран ауданының тұрғындары мен қонақтары!**

**Қадірменді ағайын!**

Баршаларыңызды күллі мұсылман жұртшылығы асыға күтетін Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Алла қаласа, биыл қасиетті Құрбан айт мерекесі 27 мамырда басталады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бірқатар алыс та жақын мұсылман елдерінің ғұламаларымен, пәтуа шығару орталықтарымен кеңесіп, осындай пәтуа қабылдады.

Мұсылманша қасиетті зұлхижжа айының алғашқы он күнінде барынша ынтамен ғибадат етіп, көбірек ізгі істер мен жақсы амалдар жасауға тырысқан абзал. Өйткені, қасиетті хадис-шарифтерде осы айда орындалған игі істердің сауабы еселеніп жазылатыны айтылған.

Ал арапа күні ораза ұстау – сүннет амал. Шамасы келмеген адамға ораза ұстау міндет емес. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Арапа күні ораза ұстау арқылы Алладан өткен және келесі жылдың күнәсін кешіруді үміт етемін» деген.

Бағзы заманнан бері Ислам дінін рухани тірегіне айналдырған халқымыз Құрбан айтты айрықша дайындықпен қарсы алған. Малдың семізін, жарамдысы мен ең жақсысын құрбандыққа шалып, оның етін тұрмыстық жағдайы төмен адамға тарату, қонақ күтіп, үлкеннің батасын алу, сыйлық-кәде беру, ренжіткен жанды кешіру сынды амалдар – дәстүрімізде қалыптасқан ізгі құндылықтар.

Бұл күн – мұсылман баласын бауырмалдыққа, жанашырлық пен жомарттыққа үндейтін, Алланың разылығы үшін құрбан шалу арқылы рухани тазаруға бастайтын қасиетті мейрам. Ағайын арасындағы ауызбіршілік пен сыйластықты арттыратын бұл мереке әр шаңыраққа береке мен ырыс, елімізге амандық пен тыныштық әкелсін!

Құрбандықтарыңыз қабыл, ниеттеріңіз оң болсын!

Жаратқан Иеміз Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, ынтымағы берік болуын нәсіп етсін!

**Ізгі ниетпен,**
**Еркін ПОЛАТОВ,**
**ҚМДБ Түркістан облыстық өкілдігі Сауран ауданының Бас имамы.**




**БАСПАСӨЗ - 2026**

**"САУРАН" газетіне жазылу жүріп жатыр**

**Қадірлі оқырман! 2026 жылдың екінші жарты жылдығына баспасөзге жазылу жүріп жатыр. Жергілікті басылымды алып, оқығыларыңыз келсе газет бағасын назарларыңызға ұсынамыз:**

**"Қазпошта" АҚ арқылы: "Сауран" газетіне (индекс: 66775)**
**Тұрғындар үшін: 6 айға - 3535,76 теңге**
**Заңды тұлғалар үшін: 6 айға - 4722,92 теңге**

**"Экспресс пошта" ЖШС: ауылға "Сауран" газетіне (индекс: 66775)**
**6 айға - 3494 теңге 8 тиын**

**"Ернұр пресс" ЖШС: ауылға "Сауран" газетіне (индекс: 66775)**
**6 айға - 3060 теңге**



**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шешімімен «Сауран аудандық емханасы» ШЖҚ МКК басшысы лауазымына Абдиев Сапарали Адамбекұлы тағайындалды.**

# ЕМХАНАДА - ЖАҢА БАСШЫ

Жаңа басшыны емхана ұжымына Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Кенжебаев Нұрсұлтан Садықұлы ресми түрде таныстырып, алдағы қызметіне сәттілік тіледі.

Абдиев Сапарали Адамбекұлы 2015 жылы С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін «Жалпы медицина» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2025 жылы аталған оқу орнында EMBA «Денсаулық сақтаудағы бизнесті басқару/әкімшілендіру» бағдарламасы бойынша білімін жетілдірген.

Еңбек жолын 2015 жылы №5 Алматы қалалық емханасында жалпы тәжірибелі дәрігер ретінде бастаған. 2016–2019 жылдары Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінде «Урология және андрология, соның ішінде балалар урологиясы және андрологиясы» мамандығы бойынша резидентурада білім алған.

2019 жылдан бастап Түркістан қалалық орталық ауруханасында уролог дәрігері болып қызмет атқарған. Кейін осы мекемеде ота бөлімшесінің меңгерушісі, басшының ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. 2025 жылдың қазан айынан бастап басшының медицина бөлімі жөніндегі орынбасары лауазымында қызмет етті.

Денсаулық сақтау саласында клиникалық, ұйымдастырушылық және басқарушылық бағыттарда тәжірибе жинақтаған маман.

# «АЛДАУ БҰЛТЫ: ӘМИЯНДЫ БОСАТАТЫН ҚОЙМА»

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қоғамдық қауіпсіздік пен қылмыстық қауіп-қатерлерді болжау орталығы бұлттық сервистерді пайдаланушыларға бағытталған интернет-алаяқтықтың жаңа схемасы туралы ескертеді. Шетелдік дереккөздердің мәліметтері бойынша (https://www.theguardian.com/money/2026/apr/12/apple-icloud-storage-scam-emails, https://lenta.ru/news/2026/04/13/apple-scam/, https://www.obozrevatel.com/ekonomikaglavnaya/economy/moshenniki-atakuyut-vladeltsev-iphone-kak-dejstvuet-novaya-shema.htm) зиянкестер iPhone пайдаланушыларына iCloud бұлттық қойманың толып кеткені туралы жалған электрондық хаттар, SMS-хабарламалар және хабарландыруларды жаппай таратуда.

Хабарламаларда аккаунттың бұғатталатыны және фотосуреттер, бейнелер мен құжаттардың жойылуы мүмкін екені көрсетіледі. Бұл хабарламалар бұлттық платформаларды қоса алғанда танымал сервистердің, ресми ескертулерін толықтай қайталайды, бұл олардың шынайы екеніне сенім тудырып, пайдаланушыны әрекет жасауға итермелейді. Шұғылдық әсерін күшейту үшін пайдаланушыларға сілтеме арқылы өтіп, сақтау көлемін ұлғайту, төлем деректерін жаңарту немесе қолжетімділікті қалпына келтіру ұсынылады.

Сілтемені басқан кезде ықтимал құрбандар түпнұсқа сервистерді көшіретін фишингтік сайтқа түседі, онда енгізілген логиндер, құпиясөздер және банк деректері киберқылмыскерлердің қолына түседі. Осындай жолмен түрлі бұлтты сақтау сервистері (Google Drive, Mail.ru бұлты, Яндекс Диск және т.б.) туралы хабарламалар жіберілуі мүмкін. Қауіп-қатердің осы түрі тарала бастағанын ескере отырып, мыналар ұсынылады:

- SMS, электрондық пошта және мессенджерлердегі «шұғыл» хабарламалардағы сілтемелерге өтпеу;
- бұлттық қойманың жағдайын тек ресми қосымшалар немесе сайттар арқылы тексеру;
- бөгде парақшаларда логиндер, құпиясөздер және банк деректерін енгізбеу;
- барлық бұлттық және пошталық аккаунттарда екі факторлы аутентификацияны қосу;
- әртүрлі сервистер үшін бірегей және күрделі парольдерді пайдалану;
- бұзып кіру күдігі болған жағдайда дереу құпия сөзді ауыстырып, барлық белсенді сессияларды аяқтау қажет.

Сақ болыңыз: деректердің жойылуы немесе аккаунттың бұғатталуы туралы кез келген хабарламаны тек ресми сервистер арқылы тексеріңіз.

**С.САДИБАЕВ,**
**Сауран ауданы әкімінің орынбасары.**

# «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ - 2026» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

**Сауран ауданында дәстүрлі «Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық конкурсына өтінім қабылдау басталды. Бұл тағылымы мол байқау – отбасы құндылықтарын дәріптеп, ұрпақ тәрбиесіндегі өнегелі отбасыларды көпшілікке үлгі етуге бағытталған маңызды жоба.**



Конкурстың басты мақсаты – қоғамдағы сыйластық пен татулықты нығайту, адамгершілік пен рухани құндылықтарды кеңінен насихаттау, сондай-ақ отбасы мәртебесін арттырып, жауапты ата-ана мен саналы ұрпақ тәрбиесінің маңызын дәріптеу.

Байқауға еңбек пен спортта, ғылым мен білімде, мәдениет пен шығармашылық саласында, қоғамдық жұмыстар мен волонтерлік бағытта белсенділігімен ерекшеленген, ауызбіршілігі жарасқан отбасылар қатыса алады.

**Өтінім қабылдау мерзімі:**
2026 жылғы 15 мамыр мен 15 маусым аралығы.

**Байқау кезеңдері:**
- Аудандық кезең – 15 маусым мен 29 маусым аралығы.
- Облыстық кезең – 20 шілдеге дейін.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**
- Ата-аналардың және кәмелетке толған балалардың жеке куәліктері;
- Кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәліктері;
- Неке қию туралы куәлік;
- Отбасы мүшелерінің грамоталары мен алғыс хаттары;
- Жұмыс орнынан мінездеме;
- Көршілерден берілген мінездеме;
- Электронды форматтағы фотосуреттер;
- Отбасы туралы бейнеролик (презентация);
- Қоғамдық және волонтерлік қызметті растайтын құжаттар.

Бүгінде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы еліміздегі ең беделді отбасылық жобалардың біріне айналды. Осы уақытқа дейін байқауға Қазақстанның барлық өңірінен 20 мыңнан астам отбасы қатысып, өнегелі өмір салты мен берекелі тіршіліктің жарқын үлгісін көрсетті.

Ұйымдастырушылар аудан тұрғындарын ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын тағылымды байқауға белсенді қатысуға шақырады.

**Толық ақпарат алу үшін:**
+7 705 483 6280, +7 771 145 68 81

**Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі.**

# АҚЫН АРДАҚТАЛҒАН КҮН



**Алтыншаш Жақиянованың туған жері - Майдантал ауылында 15 мамыр күні Әйтеке би мектебінде «Майданталым - жыр бағым, Майтопырағым - құндағым» атты шығармашылық кеші өтті.**

Ақынды ауыл тұрғындары, мектеп мұғалімдері, оқушылар, ақынның сыныптастары, ұстаздары, жақындары, дос қыздары барлығымыз қуана қарсы алдық. Акт залының кіреберісінде ақынның шығармашылығы, кітаптарынан жасалған көрме ұйымдастырылды. Дәріс берген ұстаздары Қалдыгүл Шырмалова, Пернегүл Сәтбергенова, Күлаш Аблаева, Айсұлу апайлары, Тамара Ерімбетова мен еңбек ардагері Алима Пашановалар ақ тілектерін ақтарып, кештің сәнін келтірді. Мектеп директоры Қуаныш Бердіханұлы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сәбит Әбілқасымұлы, Тәкен, Сейдулла бауырлары ақынға деген, жерлестеріне деген ыстық ілтипаттарын білдірді. Қонақтың ең алыстан келгені сыныптастары Алматыдан ат арылтып, үкілеп, ақындарының шашбауын көтеріп, шашуын шаша келген Ақынбеков Жорабек, Жұмаділлаева Мейрамгүл, Әубакирова Райхан,ауылдағы сыныптасы Сейсенбек Жақсыбаев ізгі-тілектерін жаудырды.

Әрбір тілек сөзден соң 3 «Ә» сынып оқушылары Алтыншаш ақынның «Майданталым-майтопырағым», «Сәтберген атама арнау», «Қызыма», «Өткен өмір», «Майдантал- туған мекенім», «Елім қайда?» т.б. өлеңдерін жатқа оқыды. Жақында Сауран ауданында өткізілген «Табиғат жастар көзімен» жарысынан ІІІ орын жеңімпазы атанған Оспан Назерке ақынның «Аппақ қар» өлеңімен көзге түсті. Дайындаған ұйымдастырушы-педагог Науанова Мөлдірге ақын ризашылығын білдірді.

Таяуда ғана Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын әперген Министрлік-тің қолдауымен жарық көрген «Бәсіре-жыр» кітабы мен мемлекеттік тапсы-рыспен шыққан «Апа, сені сағындым» атты повесімен сүйіншілеп келген ақын қызымыздың еңбегіне бәріміз қуандық. Мектеп, ауыл кітапханасына кітаптарын сыйға тартты.

Ақынның сөзіне жазылған сазгер Мариям Алғалиқызының «Ұстаздарға» деген әнімен басталып, ақын өлеңдерін жатқа оқумен аяқталған бұл жыр кеші талайлардың жүрегінен орын алды деп ойлаймын.

**Пернегүл МАЙДАНҚЫЗЫ,**
**Әйтеке би мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Майдантал ауылының аналар алқасының төрайымы.**

# ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

«Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 210540038761 Туркестан облысы, Сауран ауданы, Шорнак ауылы, А.Темірбаев көшесі, 30 үй, тел: +7 777 677 56 03) Сауран ауданы әкімдігінің «Шаға ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мен «Жаңа Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелерінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары бойынша ықтимал әсер ету туралы есептерінің жобалары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

| № | Нысанның атауы | Нысанның орналасқан жері | Қоғамдық тыңдауларды өткізудің басталу орны, күні және уақыты | Бейне конференц байланыс үшін платформа |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сауран ауданы әкімдігінің «Шаға ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Қазақстанның XXX жылдығы ауылынан оңтүстік-батыс жаққа қарай 2,5 км.-ден астам қашықтықта (Координаттары 43.222273, 68.341822) | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шаға а/о, Қазақстанның 30 жылдығы ауылы, С.Қожанов көшесі №22, ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы, 07 шілде 2026ж., сағат 10:00. | https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09, Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Рұқсат ету коды: 123456. |
| 2 | Сауран ауданы әкімдігінің «Жаңа Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Ибата ауылынан оңтүстік-шығыс жаққа қарай 6,5 км.-ден астам қашықтықта (Координаттары 43.298652, 68.759858) | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жаңа Иқан а/о, Ибата ауылы, Ибадулла ата көшесі №7А, ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы, 07 шілде 2026ж., сағат 15:00. | https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09, Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Рұқсат ету коды: 123456. |

Жоба бойынша құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша немесе электрондық нысанда «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-не мына мекен жайға жолдауға болады: Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағын ауданы, 32 к-сі, 20 ғимарат; почта: a.erkebai@ontustik.gov.kz,тел.: 8(725)335-49-98.

Жоба бойынша құжаттама құрастырушылардың деректемелері және байланыс деректері: Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің «Экология» ҒЗИ, БСН: 990440008043. Түркістан қаласы, Н.Назарбаев көшесі, 8а; пошта: ecology.institute@ayu.edu.kz; телефон: 8(725)339-74-87. Қосымша ақпаратты «Экология» ҒЗИ байланыс деректері арқылы алуға болады.

---

«Сауран ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 210540038761 Туркестан облысы, Сауран ауданы, Шорнак ауылы, А.Темірбаев көшесі, 30 үй, тел: +7 777 677 56 03) Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты», «Оранғай ауылдық округ әкімінің аппараты», «Үшқайық ауылдық округ әкімінің аппараты», «Шорнақ ауылдық округ әкімінің аппараты», «Бабайқорған ауылдық округ әкімінің аппараты», «Жібек жолы ауылдық округ әкімінің аппараты» және «Майдантал ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелерінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары бойынша жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобаларына, өндірістік экологиялық бақылаудың бағдарламаларына, қалдықтарды басқару бағдарламаларына және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарларына қатысты ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

| № | Нысанның атауы | Нысанның орналасқан жері | Қоғамдық тыңдауларды өткізудің басталу орны, күні және уақыты | Бейне конференц байланыс үшін платформа |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сауран ауданы әкімдігінің «Ескі Иқан ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны | Ескі Иқан ауылынан оңтүстік-батыс жаққа қарай 2,5 км.-ден астам қашықтықта (Координаттары 43.157274, 68.491264), | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Ескі Иқан ауылы, Д.Қонаев көшесі №4 Б, ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы, 01 шілде 2026 ж., сағат 10:00. | https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09. Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Рұқсат ету коды: 123456. |
| 2 | Сауран ауданы әкімдігінің «Оранғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны | Оранғай ауылынан оңтүстік-шығыс жаққа қарай 2,0 км.-ден астам қашықтықта (Координаттары 43.397235, 68.419014), | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Оранғай елді мекені, Мектеп көшесі №5А, ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы, 01 шілде 2026 ж., сағат 15:00. | https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09, Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Рұқсат ету коды: 123456. |
| 3 | Сауран ауданы әкімдігінің «Үшқайық ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны | Нұртас ауылынан оңтүстік-шығыс жаққа қарай 5,0 км.-ден астам қашықтықта (Координаттары 43.213855, 68.028000), | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Теке елді мекені, А.Үсенов көшесі №25, ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы, 02 шілде 2026 ж., сағат 10:00. | https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09, Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Рұқсат ету коды: 123456. |
| 4 | Сауран ауданы әкімдігінің «Шорнақ ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны | Аша ауылынан оңтүстік-батыс жаққа қарай 1,0 км.-ден астам қашықтықта (Координаттары 43.375843, 67.981634). | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ елді мекені, Ы.Алтынсарин көшесі №20, ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы, 02 шілде 2026 ж., сағат 15:00. | https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09, Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Рұқсат ету коды: 123456. |
| 5 | Сауран ауданы әкімдігінің «Бабайқорған ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны | Бабайқорған ауылынан солтүстік-батыс жаққа қарай 1,5 км.-ден астам қашықтықта (Координаттары 43.581254, 68.087502 ) | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Бабайқорған елді мекені, Бабайбатыр көшесі № 47, ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы, 03 шілде 2026ж., сағат 10:00. | https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09, Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Рұқсат ету коды: 123456. |
| 6 | Сауран ауданы әкімдігінің «Жібек жолы ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны | Сауран ауылынан оңтүстік-шығыс жаққа қарай 3,0 км.-ден астам қашықтықта (Координаттары 43.453678, 67.859557), | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Сауран елді мекені, Жібек жолы көшесі №32, ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы, 03 шілде 2026ж., сағат 12:00. | https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09, Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Рұқсат ету коды: 123456. |
| 7 | Сауран ауданы әкімдігінің «Майдантал ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны | Ынталы ауылынан оңтүстік-батыс жаққа қарай 4,0 км.-ден астам қашықтықта (Координаттары 43.620195, 67.881320), | Түркістан облысы, Сауран ауданы, Ынталы елді мекені, Д.Қонаев көшесі № 39А, ауыл әкімшілігінің мәжіліс залы, 03 шілде 2026ж., сағат 15:00. | https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09, Конференция идентификаторы: 616 540 8596, Рұқсат ету коды: 123456. |

Жоба бойынша құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=kk сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша немесе электрондық нысанда «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-не мына мекен жайға жолдауға болады: Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағын ауданы, 32 к-сі, 20 ғимарат; почта: a.erkebai@ontustik.gov.kz,тел.: 8(725)335-49-98.

Жоба бойынша құжаттама құрастырушылардың деректемелері және байланыс деректері: Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің «Экология» ҒЗИ, БСН: 990440008043. Түркістан қаласы, Н.Назарбаев көшесі, 8а; пошта: ecology.institute@ayu.edu.kz; телефон: 8(725)339-74-87. Қосымша ақпаратты «Экология» ҒЗИ байланыс деректері арқылы алуға болады.

# 2026 ЖЫЛЫ «ЕҢБЕК ЖОЛЫ» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Еңбек Жолы» конкурсын 2026 жылы өткізу туралы хабарлайды.

«Еңбек Жолы» конкурсы жастарды еңбекті құрметтеу рухында тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау, көбейту мақсатында және үздік еңбек әулеттері мен өндірістің қарапайым жұмысшыларын айқындауға мүмкіндік береді.

Конкурс «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамы» ұранымен Еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыруға және өнімді еңбекті ынталандыруға ықпал етеді.

**Конкурсқа құжаттар 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады.**

**Конкурсты өткізу мақсаттары:**

1) ұрпақтар сабақтастығын сақтау;

2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау;

3) қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

4) жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу;

5) «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» аясында еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

**Конкурс жыл сайын 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық.**

Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар **мынадай номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:**

**1) Үздік еңбек әулеті.**

Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын *(ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен)*, қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс;

**2) Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері.**

Бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.

**3) Өндірістің үздік жас маманы.**

Бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор өндіріс қарапайым жұмыскері таңдалады;

**Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:**

Конкурсқа қатысушылар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына екі данада қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалдарды ұсынады:

1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінішті;

2) жеке куәліктің көшірмесін;

3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан артық бейнероликті *(жұмыс орны және дағдылары көрсетілген)*;

4) конкурсант туралы *(жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хоббиі және т.б.)* 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация *(Microsoft Power Point форматында)*;

5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері *(жұмыс орнынан анықтама)*;

6) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыным хат.

Бар болған жағдайда *(келесі құжаттардың көшірмелері)*: мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері біліктілікті арттыру туралы сертификаттар *(бар болса)*.

**Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.**

- Конкурсты өткізу мерзімдері: 1 шілдеге дейінгі мерзімде өңірлік деңгейде үміткерлерден материалдар мен өтінімдерді қабылдау;
- 1 тамызға дейінгі мерзімде «Еңбек Жолы» республикалық байқауының облыстық комиссиямен өңірлік деңгейдегі жеңімпаздарды анықтау;
- қыркүйекте өңірлік еңбек форумдарында женімпаздарды марапаттау;
- 10 тамызға дейін «Еңбек Жолы» байқауының өңірлік деңгейінен жеңімпаздардың материалдарын ҚР ЕХӘҚМ-не әрі қарай республикалық деңгейде қатысу үшін ұсыну;
- 1-15 қыркүйек мерзіміне республикалық комиссиямен «Еңбек Жолы» республикалық байқау деңгейінің жеңімпаздарын анықтау;
- қазан айына «Еңбек жолы» конкурсының женімпаздардын «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына» республикалық форумында марапаттау.

**Өтінімдерді конкурсқа қатысуға қабылдау «Qamqor.enbek.kz» платформа арқылы жүргізіледі.**

**Нақты ақпарат пен кеңесті келесі мекен жайдан алуға болады:**

